16.03.2020-ғы № 03-18/1266 шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

«Ырысты-береке» ЖШС-не

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 28.02.2020 жылғы №65338 өтінішіңізге төмендегіні хабарлайды.

«Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен жарияланған №3839473-1 «Жұмыстарды сатып алу» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының *(бұдан әрі – Қағида)* Қағиданың 150 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмаған жағдайда делінген.

Осымен бірге, Қағиданың конкурстық құжаттаманың 5-1-қосымшасының ескертулернің 8 тармағына сәйкес, жалға алу шартының электрондық көшірмесі немесе алдын ала жалға алу шартының электрондық көшірмесі материалдық ресурстарды жалға алу құқығын растайтын құжат болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген жұмыстарды орындау мерзімінен кем болмауға тиіс.

Осыған орай, камералдық бақылаумен, әлеуетті өнім беруші «Сади строй» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурстың біліктілік талаптарына сай келмейді деген себептермен конкурсқа қатысудан Ұйымдастырушы тарапынан шеттетілгендігі анықталды.

16.03.2020 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Камералдық бақылау – ҚР ҚМ 30.11.2015 жылғы №598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 19 тармағына сәйкес жүргізілгенін мәлімдейміз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент
басшысының орынбасары **Т.Тултебаев**

Орын.: Қ.Мыңбаев
Тел.: 8 7252 35-00-35

Келісілген: А.Байкуанышов

16.03.2020 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)